



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИБИ: іскерлік белсенділік өндірісте біршама жақсарды

2025 жылдың тамыз айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі


Астана қ.

2025 жыл, 4 қыркүйек

2025 жылдың тамыз айында іскерлік белсенділік баяулап, **51,1** (шілдеде – 51,5) болды. Индикатор 2024 жылғы наурыздан бері оң аймақта тұр.

Өндірісте іскерлік белсенділік индексі **53,8-ге** дейін (шілдедегі 51,9-дан) көтеріліп, біршама жақсарды. Қызмет көрсету және сауда саласында белсенділік аздап баяулағанымен, индикаторлар тиісінше **51,4-ті** және **51,3-ті** (шілдеде – 52,3 және 52,9) құрап, оң аймақта қалды. Құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ – индекс тиісінше **47,9** және **48,2** (шілдеде – 47,5 және 48,4).

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ)* динамикасы



* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алыс (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

Бизнес жүргіздің қазіргі жағдайын бағалау көрсеткіші жақсарғандықтан, 2025 жылғы тамызда **бизнес-ахуал индексі (БАИ) 11,9** болып, аздап жоғарылады. Бұл ретте болашақ жағдайларға қатысты оптимизмнің аздап төмендегені байқалды, жалпы көрсеткіш оң деп бағаланып отыр. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аясында қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, оларың өніміне/көрсетілетін қызметіне сұраныс өсті. Ең жоғары сұраныс өндіріс секторында тіркелді.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz